

Түркістан облысының
білім басқармасының
Төлеби ауданының білім
бөлімінің
«Жыланбұзған» жалпы
білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі



Государственное
коммунальное учреждение
«Общеобразовательная
школа «Жыланбұзған»
отдела образования
Толевийского района
управление образования
Туркестанской области

БҰЙРЫҚ

29.08.2025ж

Сұлтанрабат ауылы

ПРИКАЗ

№ 49

село Султанрабат

**2025-2026 оқу жылының басталу және
аяқталу мерзімдерін, білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан өткізу
мерзімдерін айқындау туралы**

Түркістан облысының білім басқармасының «Төлеби ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 25 тамыздағы №206-П хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепте 2025-2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

Мектепте 2025 жылғы 1 қыркүйек -2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы;

1-тоқсан-8 оқу аптасы, күзгі демалыс-7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан-8 оқу аптасы, қысқы демалыс-10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан-10 оқу аптасы, көктемгі демалыс-11 күн (2026 жылғы 19-29 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс-7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан-8 оқу аптасы.

2. 9-сынып оқушыларының қорытынды бітіру емтихандары 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында өткізілсін.

11- сынып оқушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары –

2026 жылғы 2- 15 маусым аралығында өткізілсін.

3. 9- сынып оқушылары санитарлық талаптарды сақтай отырып, қорытынды аттестаттау мына мерзімдерде өткізілсін.

Математика бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 29 мамыр;

Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), ағылшын тілі, информатика)- 2026 жылғы 3 маусым;

Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан -2026 жылғы 8 маусым;

Өзбек тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан -2026 жылғы 11 маусым;

2. 11 сынып оқушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып, қорытынды аттестаттау мына мерзімдерде өткізілсін.

Қазақстан тарихынан ауызша емтихан 2026 жылғы 2 маусым;

Алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан 2026 жылғы 5 маусым;

Қазақ тілі және әдебиеті бойынша жазбаша емтихан 2026 жылғы 9 маусым;

Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан 2026 жылғы 12 маусым;

Өзбек тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан 2026 жылғы 15 маусым.

3. 5-8, 10 сыныптарда «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен білім алушылардың оқу бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау бойынша жазбаша нысанда емтихан 2026 жылғы 26-28 мамыр аралығында өткізілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ш.Нуроваға жүктелсін.

Мектеп директоры



К.Алтаева

Бұйрықпен таныстым: 29.08 (күні) Ш.Нурова (қолы) (қолтаңбаның толық мәні)